Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған
Республикалық олимпиадаға қатысу бойынша

НҰСҚАУЛЫҚ

Маңызды! Жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін **Google Chrome** браузерін пайдаланыңыз.

1. SMART.DARYN.KZ жүйесінде аккаунт ашу:
   1.1. Аккаунт ашу бетіне өту
   1.2. Деректерді толтыру
   1.3. Аккаунтты растау
2. Олимпиадаға қатысуға өтінім беру

1. SMART.DARYN.KZ жүйесінде аккаунт ашу

1.1. Аккаунт ашу бетіне өту

Аккаунт ашу үшін, сілтеме арқылы өтіңіз: *https://smart.daryn.kz/auth/register* немесе браузердің іздеу жолағына **smart.daryn.kz** деп теріп, Enter басыңыз.

Басты бетте «**Аккаунт ашу**» батырмасын басыңыз.



Осыдан кейін Аккаунт ашу формасы ашылады.

1.2. Деректерді толтыру

	1. Аккаунт ашу формасының жоғарғы бөлігінде **Оқушы** дегенін таңдаңыз.
   	2. Оқушының тегі, аты, әкесінің аты туу туралы куәлігінде немесе жеке куәлігінде көрсетілгендей дәл енгізілуі керек. * *Аккаунт ашқаннан кейін қате терілген мәліметтерді өздігінен түзету мүмкін болмайды.* ***Сондықтан деректерді мұқият тексеріңіз!***
	3. Оқушының жынысын тізімнен таңдаңыз.
	4. Почтаңызды қатесіз жазыңыз * *Әр оқушыда* ***жеке почта*** *болуы тиіс. Бір e-mail арқылы бірнеше қатысушыны аккаунт ашу мүмкін емес. Почта аккаунтты растау, жүйеге кіру және құпиясөзді қалпына келтіру үшін қолданылады.*
	5. Телефон нөміріңізді жазыңыз
	6. Оқушының туған күнін жеке құжат бойынша толтырыңыз.
	7. Оқушының ЖСН жеке құжаттан қатесіз жазыңыз. * *ЖСН қате толтырсаңыз сайтқа тіркеле алмайсыз.*
     	8. Облысты, ауданды, елді мекен және мектепті таңдаңыз: - Ол үшін алдымен «облысты» таңдаңыз. - Содан кейін «ауданды» таңдаңыз. - «Елді мекен» тізімінен ауылды таңдаңыз. - Келесі «мектепті» таңдаңыз. *Ескерту!* *Ауыл олимпиадасына тек ауылдық елді мекендердің мектеп оқушылары ғана қатыса алады.*
	9. Оқу тілін таңдаңыз.

«Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәні бойынша Олимпиадаға ұлты қазақ емес оқушылар қатысады (әкесінің ұлты қазақ болмауы тиіс), ұлты туу туралы куәлігі бойынша сәйкестендіріледі және оқу тілі қазақ тілі болмауы қажет.

	10. Оқушы ұлтын таңдаңыз. * ***Оқушының «ұлты» олимпиада пәндерінің тізіміне әсер етеді****, сондықтан «Ұлты» жолын мұқият толтырыңыз.*
	11. Оқушы сыныбын таңдаңыз. * *Тек 9, 10 және 11-сынып оқушылары қатыса алады. Егер басқа сынып көрсетілсе, олимпиадаға өздігінен тіркелу мүмкін болмайды. 6-бетте тіркелу нұсқаулығы бар.*
	12. Құпиясөзді ойлап табыңыз және оны қайталап жазыңыз. * Құпиясөзді төменде көрсетілген арнаулы ережелеріне сәйкес толықтырып жазу қажет. * Екі жолдағы құпиясөз сәйкес келуі керек.

Барлық деректерді енгізген соң, тағы бір рет дұрыстығын тексеріңіз де, ***«Мен енгізілген деректердің дұрыстығын растаймын»*** **деген жолдың қасына белгі қойыңыз**. Егер деректердің бәрі дұрыс болса, «**Аккаунт ашу**» батырмасын басыңыз.

Келесі қадамда аккаунтты электрондық пошта арқылы растау қажет. Егер пошта расталмаса, аккаунтқа кіру мүмкін болмайды.



1.4. Аккаунтты растау

Алдыңғы қадамдағы «Аккаунт ашу» батырмасын басқаннан кейін беттің жоғарғы бөлігінде ескерту шығады:

*«Вам отправлено на почту *ваша почта* письмо подтверждения, пожалуйста, проверьте почту. Вход доступен после подтверждения почты. Хотите перейти на страницу входа? / Сіздің *сіздің почтаңыз* почтанызға растау хаты жіберілді, почтаны тексеріңіз. Жүйеге кіру тек почтаны растағаннан кейін қолжетімді болады. Кіру бетіне өтуді қалайсыз ба?».*



Почтаға жіберілген сілтеме 15 минутқа ға белсенді болады. Одан кейін почтаны қайта жазу қажет болады.



Почтаңызға кіріп, «**Подтверждение регистрации в системе Daryn.kz / Daryn.kz жүйесінде тіркеуді растау**» тақырыбы бар хатты табыңыз.

* *Хат табылмаса — «**Спам**» папкасын тексеріңіз.*



Хатты ашып, **растау сілтемесін басыңыз**.



Сілтеме арқылы өткен соң smart.daryn.kz жүйесі ашылады. Оң жақта «**E-mail сәтті расталды**» деген хабарлама шығады.



2. Олимпиадаға қатысуға өтінім беру

7–8 сынып оқушыларына Олимпиадаға қатысу үшін:

1. smart.daryn.kz жүйесінде аккаунт ашу қажет.
2. k.belgibay@daryn.kz электрондық поштасына өтінім жіберіп, аккаунт бойынша келесі мәліметтерді көрсету:
   - smart.daryn.kz жүйесіндегі **ЖСН**;
   - smart.daryn.kz жүйесіндегі **Аты тегі**;
   - smart.daryn.kz жүйесіндегі **электрондық пошта** мекенжайы;
   - олимпиадаға қатысатын сыныбын және пәнін көрсету.

9-11 сынып оқушыларына Олимпиадаға қатысу үшін:

Сайтқа тіркелген соң, ендігі кезекте олимпиадаға қатысуға өтінім беру қажет.

- Келесі сілтеме арқылы авторизация бетіне өтіп, өз аккаунтыңызға **10-mail/ЖСН** және **құпиясөз** арқылы кіріңіз: https://smart.daryn.kz/auth/login
- Жеке кабинетте беттің сол жағындағы мәзірден « **Іс-шараларға тіркелу»** бөлімін таңдаңыз.



- Ашылған бетте «**Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада**» деген іс-шараның атауының астындағы «**Толығырақ**» батырмасын басыңыз.



- Қажетті пәнді таңдау үшін жоғарғы бөлікте орналасқан ашылмалы тізімді басыңыз (суретте жебемен көрсетілген).

* *Әр оқушы тек бір пәнге қатысуға өтінім бере алады!*

- Пәнді таңдау үшін жоғарғы жағындағы «**Пән бойынша**» деп жазылған іздеуді басып, қажетті пәнді таңдаңыз.



- Қажетті пәннің атауының астында «**Көру**» батырмасын басыңыз.



- Ашылған бетте «**Тіркеу аяқталады**» батырмасын басыңыз.



- Ақпараттың дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін «**Жіберу**» батырмасын басыңыз.

* *Осы терезе ішінде оқушы келесі деректерді өзгерте алады:*

- *Облыс;*
- *Аудан;*
- *Елді мекен;*
- *Мектеп;*
- *Оқу тілі.*

Ескерту!

Ауыл олимпиадасына тек ауылдық елді мекендердің мектеп оқушылары ғана қатыса алады.

- ***«Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәні бойынша Олимпиадаға ұлты қазақ емес оқушылар қатысады (әкесінің ұлты қазақ болмауы тиіс), ұлты туу туралы куәлігі бойынша сәйкестендіріледі және оқу тілі қазақ тілі болмауы қажет..***
- ***Олимпидада тек 1 пәнге тіркеліп қатысуға рұқсат етілген.***



- Төмендегі суретте көрсетілгендей, «*Тестілеуді бастау*» деген батырма шығуы қажет



- Сонымен қатар, мәзірдегі «**Менің олимпиадаларым**» бөлімінде таңдаған пән көрінуі тиіс. Олимпиада пәнінің карточкасында **тестілеудің күні, уақыты** және **ұзақтығы** көрсетіледі. Егерде тіркелген олимпиада көрінбесе парақшаны жаңарту керек немесе F5 батырмасын басу керек.
  Маңызды! Олимпиаданың күні мен уақыты толық тіркеу аяқталғаннан кейінгі 1 апта ішінде өзгеруі мүмкін. Сондықтан тіркеу уақыты аяқталған соң олимпиаданың өту күні мен уақытын **жиі тексеріп тұрыңыз**. Сонымен қоса, пәндердің өту күні мен уақыты туралы ақпарат келесі сілтеме бойынша да жарияланады: *https://daryn.kz/aul-olimp/*